

АРХИВТІК  
КОР.

ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ISSN 2077-5458



9 772077 545005

# ПЕДАГОГИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

---

## ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ

---

1/2014

С.Ж. АБДРАСИЛОВА,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистранты

## ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Ғылым дамуының жаһандық тенденциясы – жаңаша зерттеулерді талап етіп отыр. Ал зерттеудің ғылыми бағыты түрлі факторлармен байланысты екендігін ескере келе, фразеологизмдердің грамматикалық табиғатын жан-жақты зерделемекпіз. Осы орайда кез келген тілдің сөздік қорында сол тілде сөйлейтін адамдар қауымдастығының санасында айналадағы дүние туралы білімі сақталатыны белгілі. «Тіл – ой музейі» деген орыс тіліндегі теңеу тегін емес. Сондықтан да орыс тіліндегі зерттеулер де назардан тыс қалмайды.

Қай тілде болмасын фразеологизмдердің қалыптасуына сол тілде сөйлейтін ұлттың әдет-ғұрпы, тарихы, рухани және материалдық мәдени дәстүрлері, ұлттық ділі, ұлттық менталитеті т.б. белгілер негізгі себеп деп тануымызға әбден болады. Фразеологизмдерді оқыту барысында осы негіздерді басшылыққа алып, олардың тілдік құрылымы мен ерекшеліктерін талдауға тоқталған жөн.

Тілдегі фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығы әрбір тіркестегі сөздердің грамматикалық сипатын танытады. Алайда, фразеологизмдердегі негізгі сөздердің лексика-грамматикалық мағынасы мен фразеологизмдердің тудыратын мағыналары үнемі сәйкес келе бермейді. Сондықтан, фразеологизмдердің қай сөз табына қатыстылығын анықтау үшін фразеологизмдерден туатын фразеологиялық мағынаны салыстырып, жан-жақты талдап қарастырған жөн.

Белгілі бір ұғымды бір сөзбен де, екі немесе одан да көп сөздердің жымдасып келіп, жанама мағынада айтылуы арқылы да білдіруге болады. Ал, фразеологизмдер кез келген тілде белгілі бір ұғымның қызметін атқарады. Тілдегі фразеологизмдерге ортақ қасиет – олардың құрамындағы сөздердің дараланбай, мағынасының тұтастығы мен бірлігіне бағынышты әрі тәуелді болып, бір мағынаның орнында жүруі. «Орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер белгілі бір сөз табына бағынышты болып келіп, мағына жағынан бір ұғымды білдіреді де, бір сөздің орнына жүреді, ал сөйлем ішінде бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады». [1, 44]

Фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығы мәселесі шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерінде түрлі факторлармен түсіндіріліп, көзқарастар қалыптастырылуда. Осы ретте фразеологизмдерді белгілі бір сөз табына жатқызу мәселесін қарастыруда компоненттер құрамының беретін мағынасына, морфологиялық табиғатына, синтаксистік қызметіне байланысты екендігін дәйектеген ғалым Г. Смағұлова оларды төмендегідей топтарға жіктеген:

1. Етістік мағыналы фразеологизмдер;
2. Есім мағыналы фразеологизмдер;
3. Үстеу мағыналы фразеологизмдер;
4. Одағай тұлғалы фразеологизмдер;
5. Әр тарапты (модаль) сөздерден жасалған фразеологизмдер;
6. Сөйлеу дағдысына (речевой штамп) қолданылатын фразеологизмдер. [2, 38]

Ал белгілі ғалым В. Виноградов орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеу барысында оларды құрылымы бойынша 7 түрге бөлуді ұсынады:

1. Атау мағыналы фразеологизмдер;
2. Етістік мағыналы фразеологизмдер;
3. Үстеу мағыналы фразеологизмдер;
4. Сын есім мағыналы фразеологизмдер;
5. Предлог мағыналы фразеологизмдер;
6. Шылау мағыналы фразеологизмдер;
7. Одағай мағыналы фразеологизмдер. [3, 27]

Фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығын олардың басқа сөздермен байланыса келе, сөйлем мүшесі бола алатындығын ғалым Х. Қожахметова «сөйлем мүшесі белгілі бір сөз табына қатысты» деп қорытындылайды. [4, 34]

Фразеологизмдер мен сөздер бірінің орнына бірі жүре алады және олардың беретін мән-мағыналары да тепе-тең болады деп айта алмаймыз. Себебі, фразеологизмнен туатын ұғым жеке сөзбен салыстырғанда анағұрлым күшті, әсіре кең мағынада айтылады, сонымен қатар жағымды-жағымсыз экспрессивтік мәні болады. Жеке сөз белгілі бір нақты ұғымды білдірсе, фразеологизмдер дара ұғымды күрделендіріп, бейнелеп суреттейді. Осы ретте Ә. Болғанбаев: «Сөз табына қатыстылығын анықтау үшін негізгі сөз бен жалпы тіркестен

туатын фразеологиялық мағынаны салыстыра отырып шешу керек», – дейді. [5, 67]

Қазақ тіліндегі көптеген фразеологизмдердің құрамындағы зат есімдер жекеше де, көпше түрде де қолданылады. Мысалы: «емшек сүті аузынан кетпеген» – кішкентай бала. Ал көпше түрде қолданылғанда, «көргендерден көзақы алу» – сүйінші болады. Бұл мысалдардан фразеологизмдердің құрамындағы зат есімнің жекеше және көпше түрде де қолданылатынын көреміз. Зат есімнің көпше түрде қолданылуы іс-әрекетті кім орындағанына ғана байланысты емес, сонымен қатар фразеологизмнің кімге қатыстылығына байланысты болып келеді. Мысалы: «Ешкімнің ала жібін аттамау» – қиянат жасамау. «Жетім қыздың тойындай» – елеусіз. Кейбір фразеологизмдегі іс-әрекетті бірнеше адамның орындауына қарамастан, фразеологизмдер жекеше және көпше түрде де қолданысқа түседі.

Дегенмен де, көптеген фразеологизмдердің құрамындағы компоненттер нөлдік парадигмада, яғни тек қатаң сақталған, өзгертуге келмейтін сөздік формада тұрады немесе толық емес парадигмада қолданылады да, басқа шақтық формаларда қолданысқа түспейді. Сонымен қатар, фразеологизмдердің болымды, болымсыз және сұраулы түрде қолданылуы әрдайым емес, шектеулі болады.

Кейбір фразеологизмдер тек қана болымсыз түрде қолданылады. Мысалы: айтқанынан қайтпау, көзінен таса қылмау, ештеңені елемеу, жағы сембеді (тынбады), жанын қоярға жер таппау т.б. Орыс тіліндегі фразеологизмдердің көпшілігі шылаумен қолданылады. Фразеологизмдердің шылаусыз келуі сирек кездеседі. Мысалы: Как две капли воды – похожи, неотличимы т.б.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің грамматикалық ерекшелігіне олардың парадигмалық жартылай және толық түрленетіні жатады. Фразеологизмдердің құрылысы әртүрлі болуына байланысты, олар етістікке тән категорияларды қабылдайды. Бірақ парадигмалық жартылай түрленетін фразеологизмдер етістікке тән категориялар мен формаларды толық қабылдай алмайды, Мысалы, етістіктің салт және сабақтылық категориясы фразеологизмдерге де тән. Бұл олардың жұмсалыуының тікелей объектіге қатысын көрсетеді. Мысалы, «құлағына қыстырмау», т.б. Салт күйінде жұмсалыуы: «түймедейді түйедей ету», «тіл қата алмау», «қытығына тию». Сонымен қатар болымдылық пен болымсыздық категориясы да фразеологизмге тән құбылыс болып табылады. Мысалы: «дүниеден қайту», «түрпідей тию», «төбесін ою» – болымды формада қолданылған. Ал болымсыз формада қолданылуына мысалдар ретінде «тірі жанды жолатпау», «үш ұйықтаса түсіне кірмеу», «қуанышы қойнына сыймау», т.б. фразеологизмдерді айтуға болады. Бұл фразеологизмдер болымсыз түрде жұмсала тұра, болымдылық мағынасын да білдіреді. Мысалы: «ерні ерніне тимеу» (көп, тез сөйлеу); «жер-көкке сыйғызбау» (мақтау) т.б.

Парадигмалық толық түрленетін фразеологизмдер етістікке тән категорияларды толық қабылдап, етістікке жақындай түседі.

1) Жақ көрсеткіштерін қабылдайды: «Қолға қарау».

I жақ - қолға қарадым

II жақ - қолға қарадың

III жақ - қолға қарады т.б.

2) Шақ көрсеткіштерін қабылдайды:

Осы шақ – қолға қарап отыр, қолға қаратып отыр,

Келер шақ – қолға қараймыз, қолға қаратар, қолға қаратпақ, қолға қарататын;

Өткен шақ – қолға қаратты, қолға қаратқан (екен), қолға қаратып еді.

3) Фразеологизмдер рай категориясы бойынша түрленеді:

Ашық рай – қолға қаратты (қаратады, қаратпақ).

Бұйрық рай – қолға қарасын! (қарата көрмесін!).

Қалау рай – қолға қаратпаса игі еді (екен).

Шартты рай – қолға қаратса...

4) Фразеологизмдер етіс категориясы бойынша түрленеді, яғни ортақ, өздік, өзгелік, ырықсыз етіс формасында келеді: көзін ашып-жұмғанша, қабағынан қар жауды, сөздің майын тамызды.

5) Көптеген фразеологизмдер есімше, көсемше тұлғасында келеді.

Есімше, көсемше формасын қабылдаған фразеологизмдер үш шақта айтылып, іс-әрекеттің өту, болу, мерзімін білдіреді. қазақ тіліндегі фразеологизмдердің басым бөлігі морфологиялық құрамында есім сыңарлар жиі кездеседі де, олар септік жалғауының бірінде тұрады. Мысалы:

1. Барыс септігі: қолға қарау!

2. Табыс септігі: бармағын тістеу.

3. Жатыс септігі: ұзында өші, қысқада кегі кету.

4. Шығыс септігі: аузынан қағу.

5. Көмектес септігі: қабырғасымен кеңесу;

Фразеологизмдердің құрылымдық сипатын талдау барысында, олардың өзіндік ерекшеліктерін байқадық. Ал тұрақты тіркестерді зерттеумен айналысқан ғалымдар Ш.У. Рахматуллаев, З.Г. Ураксин, Е.Л. Байрамов, М.Ф. Чернов т.б. фразеологизмдердің құрылымын жан-жақты қарастырып, жеке тілдердің фразеологизмдері өздеріне ғана тән құрылымдық сипатқа ие екенін дәлелдеді.

Отандық ғалымдар Г. Нұрғазиева мен С.К. Сәтенова фразеологизмдерді зерттеу барысында өз еңбектерінде «Екі компонентті фразеологизмдер сөздіктегі басқа фразеологизмдерден басым», – деп тұжырымдаған. [6]

Фразеологизмдердің құрамындағы компоненттердің орналасу тәртібінен, қолдану тәсілінен байқағанымыз, фразеологизмдердің сыңарлар санының аз-көптігі олардың мағынасына әсер етпейді. Себебі мағына – компоненттер жиынтығынан шығады.

Кез келген тілдегі фразеологизмдер өздеріне ғана тән құрылымдық сипатқа ие болатындығы көптеген тілдерді салыстыру барысында бұрыннан бері айқындалған болатын. Осыған байланысты фразеологиялық бірліктердің келесідей қасиеттерін атауға болады:

- Ерекше бейнелілік;
- Экспрессивтік-эмоционалдық;
- Бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға келмеушілік;
- Семантикалық қайталанбаушылық.

Фразеологизмдердің осы қасиеттеріне назар аударып, олардың құрылымдық сипатын анықтауға болады. Тілдегі фразеологизмдерді белгілі бір жүйеде салыстыруда, яғни морфологиялық қалыптарын негізге алу маңызды болып саналады. Осы орайда В. Виноградов фразеологизмдердің құрылымдық ұйымдастырылуын белгілі бір тілдің грамматикалық құрылымының спецификасы, яғни өзіне ғана тән ерекшелігі мен сөздердің дистрибутивті байланыстарының негізгі типтері мен фразеологизмдердің кез келген тілде белгілі бір сөздердің тіркесуіне байланысты екенін алға тартады. [3. 28]

Фразеологизмдердің басыңқы сыңары етістіктер болса, құрамындағы басқа сыңарлары басқа сөз таптары етістікке бағынады да, онымен синтаксистік байланысқа түседі. Жинастырған материалдардан фразеологизмдердің әртүрлі синтаксистік, морфологиялық қарым-қатынаста тұрған құрылымдық бірлік екенін көрдік.

Фразеологиялық бірліктерді құрылым-құрылыс жағынан жүйелеу барысында олардың құрылымдық ерекшеліктерінің құрамындағы сыңарлары сан қилы болып сипатталады.

Фразеологизмдердің қалыптасуы халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктері, тұрмыс-салт, діни наным-сенімдерге байланысты пайда болып, әр халықтың рухани байлығына айналған және рухани өмірін суреттейтіндіктен күрделі үрдіс болып есептеледі.

Сонымен, жоғарыдағы ғылыми тұжырымдарды жинақтай келе, фразеологизмдердің құрылымын төмендегідей топтарға бөлдік:

- екі сыңарлы фразеологизмдер;
- үш сыңарлы фразеологизмдер;
- төрт немесе одан да көп сыңарлы фразеологизмдер.

Тілдегі фразеологизмдер құрамындағы басқа сөз таптарымен тіркесе отырып, олармен морфологиялық және синтаксистік байланысқа түсу арқылы белгілі бір үлгілер (модельдер) құрайды.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1) Авакова Р.А. Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы. Док. ...автореферат. – Алматы, 2003. – 44 б.
- 2) Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 2010 ж.
- 3) Виноградов В.В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. – М., 1972.
- 4) Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – А., 1972. – 110 б.
- 5) Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997.
- 6) Сәтенова С.К. Әр типтес тілдердегі фразеологизмдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары (Қазақ тілі, фонетика, лексика, грамматика). – Алматы, 1999.